

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Тоғызбаева Жақсыгул Арапбаева Гулнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	02.01 - 06.01.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Әңгімелесу: "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; үйде балалардың күн тәртібін сақтауды және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>			<p>"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын</p>	<p>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>

			құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)		
			<p>"Қолғап" ертегісі Мақсат-міндеттер. Қолғап ертегісін оқып, ертегі желісіне байланысты қойылым қою. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Саусақ жаттығуы. "Қолғап". Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау). (қарым-қатынас іс-</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Бұл үйде кімдер тұрады?". Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау. Шарты. Тәрбиеші үй терезесінен ертегі желісіндегі кейіпкерлердің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Дайын суретті бояу тапсырмасы. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған ертегі</p>	<p>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді.</p>

			<p>әрекеті)</p> <p>"Сиқырлы қолғап" Мақсат-міндеттер. Сиқырлы қолғап боямасын бояу. (шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: Сиқырлы қолғапты геометриялық фигуралардан құрау. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>кейіпкерлері (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. (шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>"Ненің құйрығы?" Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертен орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы.</p>	<p>Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>"Айна" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: зейіні мен қиялын дамыту; қимылдардың реттілігін есте сақтауға жаттықтыру.</p>
--	--	--	---	--	---

				<p>Жануарлар мұнайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай?" (сұр, ұзын және т.б.). (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Ойын барысы. Ойыншылар алаңда еркін орналасады және келесі тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің артынан бір қимылды қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 -</p>				

	<p>бастапқы қалыпқа келу. «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады. 1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады. 1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру. <i>Көркем сөз</i> Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын,</p>

	<p>Әжемді еске аламын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>			<p>"Қыс қызығы" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Қысқы ойындарды ойнап жүрген балалардың суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Қысқы көрініс" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>			<p>Қысқы демалыстар. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>	<p>Қысқы демалыстар. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>	<p>Қысқы демалыстар. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>
<p>2- таңғы ас</p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p>				
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып тандайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. 				

(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуен			<p>Суықторғайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қоныс аударатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Зерттеу: құстардың іздерін қарастыру, оларды қарғаның ізімен салыстыру. Құстардың жануарлардан айырмашылығы неде? (зерттеу іс-әрекеті) Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p>	<p>Қарлы боранды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары:</p>	<p>Қардағы іздерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Құстардың қардағы іздерін тану қабілетін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарлы қалашық салу үшін қар жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру; жоспарлау жұмысы. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ізі бойынша таны", "Іздер". (дене</p>

		<p>қардан тазарту, ағаш тамырларын аяздан қорғау.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыруға арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; әртүрлі ағаштарды қарға бейнелеу қабілетін бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жем салған дорбаны жеткіз".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға</p>	<p>"Бұрқасын". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</p> <p>қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру.</p>	<p>шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Алға қарай секіру жаттығулары, қозғалыстың қарапайымдылығы мен дәлдігіне қол жеткізу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: 2-3 м арақашықтықта алға қозғалып, екі аяқпен секіруге жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді жақсарту.</p>
--	--	---	---	--

			жаттықтыру.		
Серуеннен оралу	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>				

<p>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</p>	<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. «Ұшақ» жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту. Көркемсөз Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын. Жаттығуды жасайық, Ұйқымызды ашайық! Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру. Көркем сөз Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу</p>			<p>Дидактикалық ойын.</p>	<p>Дамытушы ойын. "Қайда</p>	<p>Вариативті компонент. Жас</p>

<p>қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>			<p>"Логикалық жұптар" (спортшылар, спорттық құралдар) Мақсат-міндеттер. Балалардың спортшылардың қандай жабдықтарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; салауатты өмір салты қағидаларын қалыптастыру. Құралдар. Спортшылар мен олар қолданатын жабдықтардың сурет-карточкалары. Шарты. Балалар әрбір спортшыға қажетті жабдықтар түрін таңдап, логикалық жұптарды құрастыру керек. Жұптар мына сияқты</p>	<p>болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе</p>	<p>зерттеуші "Туған өлкедегі қыс" Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету. Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау) Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын не бұрыстығын</p>
--	--	--	--	--	---

		<p>болуы мүмкін: хоккейші - клюшка; футболшы - футбол добы; штангашы - штанга; боксшы - бокс қолғаптары; теннисші - теннис ракеткасы мен доп; шаңғышы - шаңғы; баскетболшы - баскетбол добы; мәнерлеп сырғанаушы - коньки; т.б..</p> <p>(танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-</p>	<p>тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.</p> <p>(танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус". Мақсат-міндеттер. Автобуста қызмет ететін жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы балалардың білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, ұстануға</p>	<p>анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау кабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді" және т.б..</p> <p>(танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік</p>
--	--	--	---	---

		<p>қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін</p>	<p>ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Автобус салонын білдіретін жасанды үлгі, қатарға тізілген орындықтар; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмысын өткізеді. Автобустың жолаушыларды тасымалдауы, жол ережелерін ұстанудағы негізгі</p>	<p>ойын.</p> <p>"Спорттық жаттығу залы".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы</p>
--	--	--	--	--

		<p>анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді,</p>	<p>қызметі мен маңызы туралы әңгімелеседі. Дайындық жұмыстары үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ арқылы жүргізушіні, бақылаушы таңдау амалы қолданылады. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауға келісу керек) салонға кіргенде билетті алады, ойыншық смартфон арқылы төлем жасайды. Жүргізуші "есік</p>	<p>қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (тұтынушыны түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы</p>
--	--	---	--	--

		<p>тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>жабылды" деген хабарламаны естігенде автобусты жүргізу қимылдарын орындайды. Педагог аялдамаларды жариялап жатады немесе дауысын дыбысты жазу құрылғысына жазып, уақыты келгенде қосып отырады. Салоннан шыққан және кірген балалар өз рөлдерін атқарады, балалар көлікте үлкендерге орын беріп жатады. Педагог ойын барысын өзі реттейді, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады. Соңында педагог балалармен бірге</p>	<p>сөздерді еркін қолдана алады. Ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең</p>
--	--	---	---	---

				<p>қорытынды жасайды: автобуска отырып, сапарлау кезінде сақтауға тиіс ережелер көп, оны орындау шарт; салондағы тәртіп жүргізушінің жол ережелерін бұлжытпай орындауы арқылы қамтамасыз етіледі.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
Балалармен жеке жұмыс			<p>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</p> <p>Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>Жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ.</p> <p>(қарым-қатынас іс-</p>	<p>"Сәйкесін тап" ойыны.</p> <p>Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p>

				әрекеті)	(танымдық іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында қардың пайдасы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)			Кеңес беру. «Баланың ашуын қалай жеңуге болады?»	Кеңес беру. «Балаларды көшеде қауіпсіз жүруге үйретеміз».	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова